

Рейхстагқа ту тіккен қазақ

Кеңестік заманда ресми тарихта Берлиндегі фашизмнің соңғы апаны Рейхстаг ғимаратына 1945 жылы Жеңіс туын тіккен екі жауынгердің аты жөні ғана жазылды. Олар – орыс ұлтының өкілі Михаил Алексеевич Егоров (1923- 1975) және грузин ұлтының өкілі – Мелитон Варламович Кантария (1920-1993) болды. Кеңес Одағының басшысы И.В. Сталинге 1945 жылы мамырда солай хабарланды және тарихта солай жазылды. Кеңес Одағының Батыры атағы соларға берілді. Олардың жанына ешкімнің аты-жөнін қосқызбады. Ол өзгермейтін шындық деп саналды және кеңес халқының санасына солай сіңірілді.

Кеңестік дәуірде осы ерліктер туралы бірқатар ізденістер, зерттеулер жасалғанымен, Отан соғысы туралы том-том тарихи еңбектерге олардың ерліктері жазылмады, мойындалмады. КСРО құлағаннан кейін ғана көп шындықтың беті ашылып, кеш болса да батырлар ерлігі бағаланды. Шын мәнінде Рейхстагтың бірінші қабатына, төбесіне ол екеуіне дейін қызыл ту қадаған белгісіз батырлар болды. Қазіргі уақытта Рейхстагқа бірі ерте, бірі кеш 20-дан астам кеңес жауынгерлері ту қадаған деген дерек кездеседі.

Солардың бірі қазақ офицері – лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың (1924-1988) ерлігі 62 жылдан кейін мойындалды. Ол қазіргі Астана қаласының іргесінде сол кездегі Ақмола облысының Тайтөбе ауылында дүниеге келді. Төрт жасында анасынан айырылып, әкесі жалған саяси жаламен сотталып кетеді де, жас Рақымжан әке мен ана мейірімін көрмей жетім өседі. Тайтөбедегі балалар үйінде тәрбиеленеді. Мектептен кейін Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесінде оқып, мамандық алып, туған ауылына келіп еңбекке араласады. 1942 жылы әскерге шақырылады. Бірнеше ай Қазақстан мен Ресейдің бірқатар қалаларында әскери оқу-жаттығуға үйренеді. 1943 жылы Фрунзе қаласындағы әскери училищеге оқуға, 1944 жылы қарашада Берлин бағытында шабуыл жасаған I Беларусь майданына жіберіледі.

Кеңес әскерінің 1945 жылы 16 сәуірден бастап Берлин бағытында шабуыл бастағаны белгілі. Тағдырдың жазуымен Р.Қошқарбаев та взвод командирі ретінде сұрапыл шайқастарға қатыса жүріп, Берлинге жетеді.

1945 жылы 30 сәуір күні батальон командирі оған жауынгерлерімен Рейхстагқа жетіп жеңіс туын қадауды тапсырды.

Жанталас

Рақымжан паналаған ғимарат пен Рейхстаг үйінің арасы 360 метр ашық алаң болатын. Көп қабатты ғимарат аумағын 5 мың неміс солдаттары қорғап тұрды. Әр қабат, терезе, қуыстардан бекінген жау әскері оқ жаудырып

тұрды. Ғимарат аумағын бірнеше танк, зеңбіректер де қорғады. Жақын қашықтықтағы ұрыстарда қуаты мен тиімділігі күшті фаустпатрон, огнемет сияқты қуатты қарулары да көп болды. Жасырынар жер жоқ. Әредік бомба, снаряд қопарып тастаған шұңқырлар кездесетін. Жансауғалау мүмкін еместей көрінді. Р.Қошқарбаев осы «қанды метрлерді» 7 сағат бойы жерге жабыса еңбектеумен өтті. Взвод жауынгерлері ішінен Григорий Булатов екеуі аман жетіп Рейхстагтың бірінші қабаттағы бір терезесіне кешкі 18.30-да бірінші болып қызыл туды қадайды. Осы ерлігі үшін ол жауынгерлік «Қызыл ту» орденімен марапатталды.

Бала күннен естелік

Мен мектепте оқушы кезімде, ұмытпасам 1969 жылы Р. Қошқарбаевпен кездесуге қатыстым. Батырдың осы оқиғаны әңгімелегенде айтқан бір сәті есімде жатталып қалыпты. «Төрт жылға созылған соғыс енді жеңіспен аяқталатыны белгілі болып, аман-есен елге ораламыз деген үміт оянған сәтте тіпті өлгің келмейді екен. Бірақ бұйрықты орындау керек. Рейхстаг жақтан қарша бораған оққа қарсы жер бауырлап жылжығанда маңдайымызға кірпіш ұстадық. Оқ маңдайымызға тисе өткізбейді деген ой ғой. Ал басымызда каска бар. Оқ аяқ-қолға тиіп жаралансақ та әйтеуір тірі қаламыз деген үміт. Сөйтіп тапсырманы Григорий екеуміз абыроймен орындадық». Р. Қошқарбаевтың Рейхстаг ғимаратына алғашқы болып жетіп ту қадаған ерлігін жауынгер достары, командирлері көздерімен көрді. Оның ерлігі туралы жазды да, бағалады да. Бірақ ол кеңестік жоғары басшылар тарапынан қолдау таппады. Басын ашып айтатын бір мәселе – мұндай ерліктің еленбеуіне, лайықты бағаланбауына орыс халқы кінәлі емес, тоңмойын кеңестік жүйе айыпты. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше деректерге жүгінейік.

Деректер сөйлейді

Белгілі орыс жазушысы Борис Горбатов «Герой штурма Берлина» деген естелігінде: «Пора кончать сравнивать наших воинов на орла и беркута. Какой орел, беркут может сравняться на казаха Кошкарбаева, который на моих глазах водрузил Знамя Победы на Рейхстаге. Несморя на силь- ный и ураганный огонь немцев» деп жазған.

АҚШ-тың «Нью-Йорк таймс» газеті 1945 жылдың 1 мамыр күнгі санында: «Кеңес қызыл туы Рейхстаг үстінде желбіреді» деген тақырыпта хабар жариялады. Оның соңы былай деп тұжырымдалыпты: «Кеңес әскері кеше Берлиннің әр үйін ерекше жанкешті шабуылдармен ала отырып, әкімшілік орталығына сұғына кіріп, Рейхстагқа жеңіс туын тікті. Бұл Гитлердің Кеңес Одағына лап қояр алдында тобырын жинап алып «Германияның қазір күш-қуатқа молыққаны сонша, енді оны бұдан былай

ешқандай мемлекеттер одағы тізе бүктіре алмайды» деп күпсінген Рейхстагі ғой. Енді орыстардың Берлин қорғанысын құлатуы мен жалпы Германияны тізе бүктіруге көп қалған жоқ сияқты.

Сол от жалынды күндері Рейхстагқа екі жеңіс туының желбірегені белгілі. Біріншісін 150-Идрицк дивизиясының лейтенанты Рақымжан Қошқарбаев пен жауынгер Григорий Булатов 30 сәуір күні 15-00 шамасында халық туын; екіншісін басқа бөлімнің барлаушылары Егоров пен Кантария 1 мамырда сәске тұста Ставка туын тікті». Көріп отырғанымыздай, Қошқарбаевтар Қызыл туды 30 сәуір күні күндіз, ал Егоров пен Кантария 1 мамыр күні күндіз қадады деп анық жазып отыр. Қазақ жауынгерінің жеңіс туын екеуінен 1 тәулік бұрын тіккенін американдық тілшілер ойдан шығарған жоқ, сол күндердегі кеңестік ресми ақпараттардан алды.

Сол ақпараттың бірі төмендегідей. 1945 жылы 3 мамырда Берлин қаласында шыққан 150-дивизияның «Воин Родины» газетінде осы оқиғаны былай жазыпты:

«Они отличались в бою! Родина с глубоким уважением произносит имена героев. Советские богатыри, лучшие сыновья народа. Об их выдающем подвиге напишут книги, сложат песни. Над цитаделью гитлеризма они водрузили знамя Победы. Запомним имена храбрецов: Лейтенант Рахимжан Кошкарбаев, красноармеец Григорий Булатов. Плечом к плечу вместе с ними сражались другие славные воины: Проваротов, Лысенко, Орешко, Почковский, Бреховский, Сорокин. Родина никогда не забудет их подвига. Слава героям!» Бұл газет нөмірлері Ресей архивтерінде сақтаулы тұр.

Ерлік өнегесі

Соғыстан кейін Р. Қошқарбаевтың осы ерлігі туралы қазақстандық зерттеушілер, белгілі қаламгерлер көп жазды. Батырдың өзі де бірнеше кітап жазды. Бірақ Мәскеу билігінен аса алмады. Қазақстан басшылығы Р. Қошқарбаев ерлігін лайықты бағалауды өтініп Мәскеуге ұсыныс жасағанымен Л.И. Брежнев «Біз енді Отан соғысы оқиғасына оралмаймыз. Ол ескірген оқиға» деп тыңдамады. Сондықтан Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен 2001 жылы марқұмға «Халық қаһарманы» атағы берілді. Қазақ ұлты, барша қазақстандықтар батыр есімін әрқашан ардақтап, ерлік өнегесін жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалануда.

Серікқали Дүйсен, Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты